

**"Геология, экология және табиғи ресурстар ақпараттық-талдау орталығы"
республикалық мемлекеттік кәсіпорнын қайта ұйымдастыру туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 16 қаңтардағы N 55 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігінің "Қазақстан Республикасының геология, экология және табиғи ресурстар ақпараттық-талдау орталығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорны бөлу жолымен:

1) Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі Геология және жер қойнауын қорғау комитетінің Алматы қаласындағы шаруашылық жүргізу құқығындағы "Қазақстан Республикасы геология және минералдық ресурстар ақпараттық-талдау орталығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорны;

2) Қазақстан Республикасы Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Көкшетау қаласындағы шаруашылық жүргізу құқығындағы "Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау ақпараттық-талдау орталығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорны болып қайта ұйымдастырылсын.

2. Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі, Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі теңгерім бөлінісін бекіту кезінде Алматы қаласында орналасқан Геологиялық мұражайдың және Бизнес-клубтың мүліктерін Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі Геология және жер қойнауын қорғау комитетінің "Қазақстан Республикасы геология және минералдық ресурстар ақпараттық-талдау орталығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнына беруді көздерін.

3 . М ы н а л а р :

осы қаулының 1-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген кәсіпорынның минералдық-шикізат кешені саласындағы ақпараттық-консультациялық қызметті және ақпараттық қамтамасыз етуді жүзеге асыруы;

осы қаулының 1-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген кәсіпорынның табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау саласындағы ақпараттық-консультациялық қызметті және ақпараттық қамтамасыз етуді жүзеге асыруы қызметінің негізгі мәні болып айқындалсын.

4. Осы қаулының 1-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген кәсіпорынды мемлекеттік басқару органы, сондай-ақ оған қатысты мемлекеттік меншік құқығы субъектісінің функцияларын жүзеге асыратын орган болып Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің Геология және жер қойнауын қорғау комитеті белгіленсін.

5. Осы қаулының 1-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген кәсіпорынды мемлекеттік басқару органы, сондай-ақ оған қатысты мемлекеттік меншік құқығы субъектісінің функцияларын жүзеге асыратын орган болып Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі белгіленсін.

6. Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі , Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі заңнамада белгіленген т ә р т і п п е н :

- 1) құрылатын кәсіпорындардың жарғыларын бекітсін;
- 2) олардың мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;
- 3) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

7. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.**

8. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі